

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

«5B030300 -Құқық қорғау қызметі»

мамандығы бойынша

**UIP RK 3502 «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ»**

Ерекше бөлім

пәні бойынша

ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит көлемі 3

Астана, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 79 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

3. Алғаш енгізілген

4. Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

Түсіндірме жазба

Мемлекеттің құқықтық жүйесінің, заңнамасының, құқықтық нысандарының әртүрлі салаларының қалыптасуы және даму негізінде қоғам, саяси және билік құрылымдары өз алдына қойған әлеуметтік мақсатқа қол жеткізудің негізгі бағыттары мен нысандарын, бағытын, қағидаларын көрсететін саясат жатқызылады. Осындай бағыттардың бірі - қылмыстық құқықбұзушылықпен күрес аймағындағы саясат. Оның шоғырландырылған түрінде қылмысқа мемлекеттік бақылауының тапсырмалары, қағидалары, негізгі бағыттары, нысаны мен әдістері көрсетілген.

Қылмыстық құқық бұзушылық аясындағы саясат мемлекеттің, өкілеттік билік және қылмыстық құқық бұзушылық және өзге де құқық бұзушылықтар бойынша басқару органдарының қызметін қылмыстарды ескертуге, оларды уақытылы алдын алуға және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тартуға, сотталғандарға қатысты жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқаруға және алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

Осы міндеттерді шешуде қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқаратын мекемелер мен органдардың атқаратын ролі ерекше, өйткені олардың негізгі міндеті сотталғандарды түзеу мен қайталама қылмыстардың алдын алу болып табылады. Жазаларды атқаратын мекемелер мен органдардың қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқаруын ұйымдастырудың құқықтық аспектісі «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсына зерттеледі.

Қылмыстық жазалардың нақты түрі мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқару, сотталғандардың кейбір санаттарына және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларға пробациялық бақылау жасауды ұйымдастыру және қылмыстық жазаларды атқару мекемелері мен органдары қызметінің құқықтық аспектілері «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімінде зерттеледі. Қылмыстық-атқару құқығының Ерекше бөлімінің ережелерін зерттеу қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқару, пробациялық бақылауды ұйымдастыру процесінің әлеуметтік-саяси мағынасы мен заң мазмұнын ашуды көздейді. Курсанттардың қылмыстық-атқару құқығының Ерекше бөлімінің ережелерін зерттеу қылмыстық-атқару жүйесінің, оның қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін жүзеге асыруғы ролін, даму тенденциялары мен мазмұнын, қылмыстылықпен күрестегі қылмыстық жазаларды атқару және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының мүмкіндіктері мен шегін оқып-танудағы білімін тереңдетіп, кеңейтіп, бекітуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімін зерттеудің мақсаты курсанттарда терең теориялық білімді қалыптастыру, осының негізінде қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелеріне жүктелген міндеттерді тиімді орындау үшін қажет олардың

қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқару бойынша машығы мен қабілеттерін берік қалыптастыру.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімінің негізгі міндеттеріне курсанттардың қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқарудың құқықтық табиғаты, тәртібі мен жағдайы туралы, мекемелер мен органдардың, кейбір лауазымды тұлғалардың қызметін ұйымдастыру, сонымен қатар пробациялық және постпенитенциарлық бақылауды ұйымдастыру бойынша теориялық білімді меңгерту, қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасымен дұрыс жұмыс жасай білуін, қылмыстық-атқару құқығының нормаларын талқылап, қолдана білуін үйрету болып табылады. Басымды бағыты болып, курсанттарда заңға құрметпен қарауды қалыптастыру, сотталғандармен ізгілік пен әділеттілік сезімін қалыптастыру табылады.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімін зерттеу барысында курсанттар:

- айыппұл мен мүлікті тәркілеу түріндегі жазаларды орындаудың, сонымен қатар сотталғандыарнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру туралы сот үкімінің орындалу тәртібі мен жағдайын реттейтін қылмыстық-атқару заңнамасының негізгі ережелерін;

- түзеу жұмыстарына және қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі негізгі жаза түрлерін орындауды ұйымдастыру мен құқықтық реттелуін;

- бас бостандығын шектеуге сотталғанға, қылмыстық жазадан шартты мерзімінен бұрын босатылған сотталғандарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыруды ұйымдастыру мен құқықтық реттелуін;

- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі қосымша жазаларды ұйымдастыру мен құқықтық реттелуін;

- қамаққа алу түріндегі ескерту шарасы тағайындалған күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстауды ұйымдастыру мен құқықтық реттелуін;

- шаруашылық жұмыстарды орындауға қалдырылған бас бостандығынан айыруға сотталғандарды және мекемедегі құқықтық тәртіпті сақтауға ауыстырылған сотталғандарды қауіптілігі аралас мекемелерде-тергеу изоляторларында ұстауды құқықтық реттеуді;

- қамаққа алу мен бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауды ұйымдастыру мен құқықтық реттеуді;

- қылмыстық жазадан босату, мерзімінен бұрын босатуды жүзеге асыру тәртібі мен құқықтық реттелуін;

- жазаны жеңіл жаза түрімен ауыстыруды жүзеге асырудың тәртібі мен құқықтық реттелуін;

- бас бостандығынан айыру жазасынан босатылатын және босатылған сотталғандарға көмек көрсетуді ұйымдастыру мен құқықтық реттеу;

- жазасын өтеп шыққан сотталғандарға әкімшілік бақылау жасау мен әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі мен құқықтық реттеуді;

- жазаны орындау кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге бақылауды жүзеге асыру тәртібі мен құқықтық реттелуін;

- өлім жазасы мәселесі қылмыстық жаза түрі ретінде тақырыптарын меңгеруі қажет.

Оқу материалдарын оқу барысында курсанттар құқық қолданушылық тәжірибесін, қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралын атқару барысында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, пробациялық және постпенитенциарлық бақылауды жүзеге асыру бойынша қабілеттерін қалыптастырып, машығын үйренуі қажет.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімін меңгеру барысында қиындық туғызатын мәселелерге нормативтік базаның үлкен көлемін жатқызуға болады. Атап айтқанда, курсант қылмыстық-атқару заңнамасының базасы болып табылатын қылмыстық заңнаманы меңгеріп қана қоймай, оның ережелері мен түсініктеріне еркін сүйене білуі керек, сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының қызметін реттейтін ведомстволық нормативтік актілердің маңызды бөлігін білуі керек.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімін зерттеу әрбір жоғары оқу орнының ерекшелігін ескере отырып, егжей-тегжейлі ойластырылған дәрістер курсына негізделуі керек, ол семинар және тәжірибелік сабақтардың келешектік түрлерін: дөңгелек үстелдер, оқу тренингтері, топтық жаттығулар, іскерлік ойындар мен т.б. қолдана отырып өткізілуі керек. Курсанттарда қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларын қолдану біліктілігі мен машығын дамытуға ықпал ететін тәжірибелік оқытудың тиімді түрлері ретінде кафедрааралық кешенді оқытуларды өткізу, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен органдарына бару танылады.

Курсанттардың өзіндік жұмысы жеке қабілеттерін ескере отырып және саралаудан өткізілген әдістер мен тәсілдерді: жеке бақылау тапсырмаларын, өзекті мәселелерге баяндамалық шолу, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының тәжірибесін қорытындылау және т.б. қолдана отырып құрастырылуы керек.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы» курсының Ерекше бөлімі тақырыптарының мазмұны осы Бағдарламамен анықталады, осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының Конституциясының, жаңа қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамасының, адам құқықтары туралы және сотталғандармен қарым-қатынас туралы халықаралық актілердің, қылмыстық-атқару ғылымының мәселелерімен айналысатын отандық және шетел ғалым-заңгерлерінің ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде, сонымен қатар қылмыстық және қылмыстық-атқару құқығының қазіргі жағдайдағы даму тенденциялары мен бағыттарының негізінде әзірленген.

Осы оқу бағдарламасының негізінде «5B030300 – құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында жоғары оқу орындары таңдалып алынғаноқыту технологиясына, оқу процесін ұйымдастыру мен бақылау тәсілдері және әдістерін қолдануына, оқушылардың өзіндік жұмысына сәйкес оқу бағдарламасын әзірлейді.

Пәннің мазмұны

Кіріспе

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығының Ерекше бөлімі» курсының мазмұны осы типтік бағдарламада оқу пәні ретінде қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасының жүйесін ескере отырып беріледі және қылмыстық-атқару құқығы ғылымының ережелерімен және қоғамның қазіргі даму кезеңінде қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқарын мекемелер мен органдардың алдында тұрған өзекті мәселелермен тығыз байланыста.

Аталған оқу пәнін оқыту мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін Жалпы және Ерекше бөліктерге бөлу тәжірибесіне сүйене отырып, «Қылмыстық-атқару құқығы» Жалпы және Ерекше бөлімдерге бөлінеді.

Курстың Ерекше бөлімінде барлық қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқарудың, мекемелер мен органдардың, кейбір лауазымды тұлғалардың қызметін ұйымдастыру, сонымен қатар пробациялық және постпенитенциарлық бақылауды жүзеге асырудың құқықтық табиғаты, тәртібі мен жағдайы қарастырылған. Ерекше бөлімде берілген тақырыптарды зерттеу барысында курсанттарға қылмыстық жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын атқарудың құқықтық табиғаты, тәртібі мен жағдайы туралы, мекемелер мен органдардың, кейбір лауазымды тұлғалардың қызметін ұйымдастыру, сонымен қатар пробациялық және постпенитенциарлық бақылауды ұйымдастыру бойынша теориялық білімді меңгерту, қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасымен дұрыс жұмыс жасай білуін, қылмыстық-атқару құқығының нормаларын талқылап, қолдана білуін үйрету болып табылады. Сонымен қатар курсанттар, күдіктілер, айыпталушылар мен сотталушыларды қамауда ұстауды ұйымдастыру мен құқықтық реттеумен байланысты мәселелерді меңгеруі керек.

Әрбір тақырып оның мазмұнын ашып көрсетеді, оның көлемін анықтап, қылмыстық-атқару құқығының жүйесіндегі институттардың алатын орны туралы жалпы түсініктерін қалыптастырады. Сонымен қатар Бағдарламада зерттеп білуге арналған нормативтік материалдар мен арнайы әдебиеттер тізімі берілген.

Тақырыптық жоспар:

- Тақырып 1. Айыппұл түріндегі жазаны орындауды құқықтық реттеу
- Тақырып 2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындауды құқықтық реттеу
- Тақырып 3. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындауды құқықтық реттеу
- Тақырып 4. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 5. Мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 6. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 7. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 8. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 9. Күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 10. Қамауда ұсталатын тұлғаларды есепке алу, күзет пен бақылаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 11. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 12. Бас бостандығынан айыру қылмыстық жаза ретінде және оның әлеуметтік-құқықтық табиғаты
- Тақырып 13. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне сотталғандарды қабылдаудың және есепке алуды ұйымдастырудың құқықтық реттелуі
- Тақырып 14. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың құқықтық жағдайы
- Тақырып 15. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу режимінің құқықтық реттелуі
- Тақырып 16. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу жағдайларын құқықтық реттеу
- Тақырып 17. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды материалды-тұрмыстық және медициналы-санитарлық қамтамасыз етуді құқықтық реттеу
- Тақырып 18. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қадағалауды және оларды күзетуді жүзеге асыруды құқықтық реттеу
- Тақырып 19. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегін, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды құқықтық реттеу
- Тақырып 20. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға тәрбиелік әсер етуді және олардың білім алуын құқықтық реттеу
- Тақырып 21. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға марапаттау және жазалау шараларын құқықтық реттеу

Тақырып 22. Әртүрлі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару тәртібі мен жағдайлары

Тақырып 23. Сотталғандарды камералық жағдайда ұстау және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеу ерекшеліктері

Тақырып 24. Сотталған әйелдер мен кәмелетке толмағандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеу ерекшеліктері

Тақырып 25. Жазаны өтеуден босатудың тәртібі және құқықтық реттеу

Тақырып 26. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылған сотталғандарға көмек

Тақырып 27. Жаза өтеуден босатылған тұлғаларды постпенитенциарлық бақылауды жүзеге асыруды құқықтық реттеу

Тақырып 28. Шартты сотталған тұлғаларға және де жазаны өтеу кейінге қалдырылған тұлғаларға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыруды құқықтық реттеу

Тақырып 29. Өлім жазасы түріндегі жазаны орындауды құқықтық реттеу

Негізгі бөлім

Тақырып 1. Айыппұл түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Айыппұл қылмыстық жаза ретінде және оның түрлері. Айыппұл түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Айыппұлды ерікті түрде төлеу. Айыппұл төлеуді кейінге қалдыру және бөліп төлеу. Айыппұлды мәжбүрлеп орындау. Айыппұлды өндіріп алуда тәркіленуге жатпайын мүлік.

Қылмыстық теріс қылық және қылмыс үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарудың нәтижелері.

Тақырып 2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Түзеу жұмыстары қылмыстық жаза ретінде және оның түрлері. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Түзеу жұмыстарын орындау тәртібі және жағдайлары. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаларды орындаушы органдар мен мекемелер және оның қызметі.

Түзеу жұмыстары түріндегі жаза өтеу тәртібі мен жағдайларын бұзғаны үшін сотталғанның жауаптылығы. Қылмыстық теріс қылық және қылмыс үшін тағайындалған түзеу жұмыстары түріндегі жаза өтеуден жалтарудың нәтижелері.

Түзеу жұмыстары түріндегі жаза өтеуден босату негіздері.

Тақырып 3. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Қоғамдық жұмыстарға тарту қылмыстық жаза ретінде және тағайындала алмайтын тұлғалар шегі. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Қылмыстық жаза түрінде тағайындалған қоғамдық жұмыстарға тартуды орындау тәртібі және жағдайлары. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындаушы органдар мен мекемелер және оның қызметі. Кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау ерекшеліктері.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаның өтеу тәртібі мен жағдайларын бұзғаны үшін сотталғанның жауаптылығы. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза өтеуден жалтарудың нәтижелері.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза өтеуден босату негіздері.

Тақырып 4. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Бас бостандығын шектеу қылмыстық жаза ретінде. Бас бостандығын шектеу түріндегі жаза өтеу кезінде міндетті еңбекке тартуға жатқызылатын сотталғандар санаты.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелмеген бөлігі бостандығын шектеумен ауыстырылған сотталғандарды жаза өтеу орнына

жіберу тәртібі. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау тәртібі және жағдайлары.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға тартылған сотталғандарға қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру тәртібі. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға тартылған сотталғандарға қатысты электронды бақылау құралдарын қолдану тәртібі мен құқықтық негіздері.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаның өтеу тәртібі мен жағдайларын бұзғаны үшін сотталғанның жауаптылығы. Бас бостандығын шектеу түріндегі жаза өтеуден жалтарудың нәтижелері.

Бас бостандығын шектеу түріндегі жаза өтеуден босату негіздері.

Тақырып 5. Мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Мүлікті тәркілеу қылмыстық жаза ретінде және оның түрлері. Мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Тәркіленуге жататын және жатпайтын мүлік. Мүлікті тәркілеуді жүзеге асыру тәртібі, сақталуы, іске асыру үшін уәкілетті органға беру.

Тәркіленуге жататын мүлікке қатысты үшінші тұлғаның міндеттері. Үкімді орындаудан кейін анықталған мүлікті тәркілеу тәртібі.

Мүлікті тәркілеу қылмыстық-құқықтық әсер ету шарасы ретінде. Үкімді шығарғанға дейін заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу туралы сот қаулысын орындаудың құқықтық реттелуі.

Тақырып 6. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру қылмыстық жаза ретінде және оның түрлері. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі.

Қазақстан Республикасы Президентімен тағайындалған арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуінің ерекшелігі.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан, мемлекеттік наградаларынан айырудың құқықтық нәтижелері.

Тақырып 7. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру қылмыстық жаза ретінде және оның түрлері. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындаушы мекемелер мен органдар.

Нақты мерзімге тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Нақты мерзімге тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау тәртібі. Нақты мерзімге тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза өтеуден босату негіздері

Өмір бойына тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Өмір бойына тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау тәртібі. Өмір бойына тағайындалған белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны қолдану кезіндегі соттылықты жою ерекшеліктері.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімін орындамау нәтижелері.

Тақырып 8. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу қылмыстық жаза ретінде. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны орындайтын мекемелер мен органдар. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны орындау тәртібі.

Шығарып жіберу бойынша шығынның орнын толтыру тәртібі.

Тақырып 9. Күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстаудың құқықтық реттелуі

Күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстаудың әлеуметтік-құқықтық маңыздылығы. Қамауда ұстаудың негіздері және қағидалары. Күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстаудың құқықтық реттелуі.

Күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстау орындары. Қауіпсіздігі аралас мекемелер - қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторлары күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстаудың негізгі орындары ретінде. Қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғалар санаттары.

Қамауда ұсталатын тұлғалардың құқықтық мәртебесі және мазмұны. Қамауда ұсталатын тұлғалардың негізгі құқықтары, заңды қызығушылықтары және міндеттері.

Қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларында күдікті, айыпты және сотталушыларды ұстау режимі (тәртібі мен жағдайлары): қабылдау мен орналастырудың тәртібі, материалды-тұрмыстық қамтамасыз ету және медициналық қызмет ету, қамауда ұсталатын тұлғалармен тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібі. Қамауда ұсталатын тұлғаларға қолданылатын көтермелеу және жазалау шараларын қолданудың құқықтық реттелуі.

Кәмелетке толмағандарды, әйелдерді, сонымен қатар жас балалары бар әйелдерді қамауда ұстауды құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларында сотталғандарды қалдыру және осы мекемеге жіберуді құқықтық реттеу. Шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырылған және ауыстырылған сотталғандарды қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларында ұстауды құқықтық реттеу. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін мекемелерден қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларына ауыстырылған бас бостандығынан айырылған сотталғандардың құқықтық мәртебесі.

Жазаны өтеу үшін сотталғандарды жіберу және сот үкімін орындау тәртібі және негізі.

Күдікті, айыпты және сотталушыларды қамауда ұстаудан босату негіздері және тәртібі.

Тақырып 10. Қамауда ұсталатын тұлғаларды есепке алу, күзет пен бақылаудың құқықтық реттелуі

Қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғаларды есепке алуды ұйымдастырудың құқықтық реттелуі. Өлім жазасына кесілген сотталғандарды есепке алу ерекшеліктері. Қамауға алынған тұлғалардың арыз бен шағымдарын қабылдау және қарастыру тәртібі. Жеке басын қуәландыратын құжаттарды жоғалтқан қамауға алынған тұлғаларды құжаттандыруды ұйымдастыру.

Қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғаларға бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың құқықтық реттелуі. Өлім жазасына кесілген және өмір бойы бас бостандығынан айырылған сотталғандарға, сонымен қатар күрделі жағдайларда күзет пен бақылауды ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Қамауда ұсталатын тұлғаларды айдауылдауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың құқықтық реттелуі. Қауіпсіздігі аралас мекемелер - тергеу изоляторлары арқылы транзитпен келуші тұлғалардың құқықтық мәртебесі.

Тақырып 11. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі

Қамаққа алу қылмыстық жаза ретінде. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу орны. Қамаққа алу түріндегі жазаға тартылған сотталғандарды жазаны

өтеу үшін жіберу. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындаудың құқықтық реттелуі.

Қамаққа алу түріндегі жазаға тартылған сотталғандарды арнайы қабылдауыштарға қабылдаудың құқықтық реттелуі. Карантин және оның маңызы. Карантинде сотталғандармен жұмысты ұйымдастыру. Қамаққа алынған сотталғандарды есепке алу.

Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу жағдайларының құқықтық реттелуі. Қамаққа алынған сотталғандарды материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитарлық қамтамасыз етудің құқықтық реттелуі.

Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу режимінің құқықтық реттелуі. Арнайы қабылдауыштардың ішкі тәртіп ережелері. Сотталғандарды тінту мен тексерісті, үй-жайды тексеру және арнайы қабылдауыш аумағын қарауды өткізу тәртібі.

Қамаққа алынған сотталғандарға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі. Қамаққа алынған сотталғандарды тәртіптік изоляторда ұстау жағдайлары.

Әскери қызметкерлердің қамаққа алу түріндегі жазаны гауптвахтада өтеу ерекшеліктері.

Қамаққа алу түріндегі жазаны енгізуді кейінге қалдыру.

Тақырып 12. Бас бостандығынан айыру қылмыстық жаза ретінде және оның әлеуметтік-құқықтық табиғаты

Бас бостандығынан айыру қылмыстық жаза ретінде: табиғаты, мазмұны, әлеуметтік қызметі, шынайы қасиеттері, мақсаты және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жетістігінің құралдары. Бас бостандығынан айырудың қылмыстық жаза түріндегі түрлілігі.

Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың классификациясы және жазаның мақсатына жету үшін маңыздылығы. Сотталғандардың санаттары.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу орындары. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлері және онда ұсталатын сотталғандардың санаттары. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылған сотталғандардың бөлек ұсталуы. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін жабдықтау тәртібі және құрылымы.

Жаза өтеу барысында бас бостандығынан айырылған сотталғандардың тәртібін бағалау және оның маңыздылығы. Жаза өтеу барысында бас бостандығынан айырылған сотталғандардың тәртібіне байланысты мекеме түрін ауыстырудың құқықтық реттелуі.

Сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің бір түрінен екінші түріне ауыстырудың құқықтық реттелуі. Бас бостандығынан айырылған сотталғандарды айдауылдау тәртібі мен ережелері.

Тақырып 13. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне сотталғандарды қабылдаудың және есепке алуды ұйымдастырудың құқықтық реттелуі

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне сотталғандарды қабылдаудың құқықтық негіздері және тәртібі. Қабылдауға жатпайтын сотталғандар санаты.

Карантин және оның маңызы. Карантинде сотталғандармен жұмысты ұйымдастыру. Мекемедегі жасақтық жүйе. Жасақ үй-жайын жабдықтау тәртібі. Карантиннен өткеннен кейін сотталғандарды жасақ бойынша бөлу критерилері және тәртібі.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарды есепке алу маңызы және оны құқықтық реттеу. Сотталғандарды есепке алуды жүзеге асыратын аппараттар. Сотталғандарды есепке алудың түрлері және нысаны. Орталықтандырылған және жергілікті есепке алу. Жеке және сандық есепке алу. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде статистикалық есеп беру.

Сотталғанның жеке ісі, мазмұны, жүргізу және сақтау тәртібі. Мекемеден босап шыққан сотталғандардың істерін мұрағатқа тапсыру және әзірлеу тәртібі.

Тақырып 14. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың құқықтық жағдайы

Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың құқықтық жағдайының түсінігі. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың құқықтық жағдайының қылмыстық-атқару жүйесі мекеме түріне және жаза өтеу барысында тәртібіне тәуелділігі.

Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың негізгі құқықтары, заңды мүдделері, міндеттері және мінездемесі. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету мен құқықтық кепілдері және міндеттердің орындалуы. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың ар-намыс еркіндігін қамтамасыз ету. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың арыз бен шағымдарын қабылдау және қарастыру тәртібі. Бас бостандығынан айырылған сотталғандардың жеке қауіпсіздігіне құқығын жүзеге асыру тәртібі.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуші шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ сотталғандардың құқықтық жағдайларының ерекшеліктері.

Тақырып 15. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу режимінің құқықтық реттелуі

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу режимі: түсінігі және құқықтық реттелуі. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу режимінің негізгі қызметтері: жазалаушы, тәрбиелік, қамтамасыз етуші және алдын алушылық (бақылаушылық).

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу режимінің мазмұны. Режимді қамтамасыз ету тәсілі мен құралдары. Мекемелердегі күн тәртібі және оның режимдік талаптардағы маңыздылығы.

Сотталғандарға қатысты режим ережелері: күн тәртібін бекітуші, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуші, түзеу құралдарын және ресоциализацияны қолдануды анықтаушы, сотталғандардың әлеуметтік қорғаушылығын қамтамасыз етуші.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекеме персоналына қатысты режим ережелері: сотталғандарды оқшаулау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі күн тәртібін сақтау, сотталғандардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету, олардың тарапынан қылмыстық құқықбұзушылық және басқа да құқықбұзушылықтың алдын алу және ескерту.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері және іргелес аумақтағы басқа да тұлғалардың тәртібін анықтаушы режим ережелері.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі ерекше жағдай режимі.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мен жедел-іздігіздіру қызметін жүзеге асыруды құқықтық реттеу

Тақырып 16. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу жағдайларын құқықтық реттеу

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу жағдайлары: дағдылы, қатаң, жеңілдетілген, жеңілдікті ұстау жағдайларының сипаттамасы. Сотталғандарды бір ұстау жағдайынан екіншісіне ауыстыру тәртібі.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың тағамдар мен бірінші кезекте қажетті заттарды, жазу құралдарын, әдебиеттерді, мерзімдік басылымдарды алу және сақтау, сондай-ақ посылка, бандерольдер мен сәлемдемелерді алу тәртібін құқықтық реттеу. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде пайдалануға рұқсат етілген тағамдар мен бірінші кезекте қажетті заттардың тізімі мен саны.

Сотталғандардың хаттарды, телеграммаларды, ақшалай аударымдарды алу және жіберу тәртібін құқықтық реттеу.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға телефонмен сөйлесу құқығын беруді құқықтық реттеу.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға серуендеу құқығын беру мен өткізу тәртібін құқықтық реттеу.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға радио бағдарламалар мен теле бағдарламаларды қарау құқығын беру мен өткізу тәртібін құқықтық реттеу.

Сотталғандарға туған-туысқандарымен кездесу беруді құқықтық реттеу. Кездесу бөлмелерін жабдықтау тәртібі және оларды өткізуді ұйымдастыру.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің шегінен тыс жерлерге шығуға рұқсат берудің құқықтық негіздері мен тәртібі.

Тақырып 17. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды материалды-тұрмыстық және медициналы-санитарлық қамтамасыз етуді құқықтық реттеу

Жазаны өтеп жатқандарды тамақпен, киім-кешекпен, тұрғын жаймен және де медициналық қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған, қажетті жағдайлар жасаудағы, бас бостандығынан айыруға сотталғандарды материалды-тұрмыстық және медициналы-санитарлық қамтамасыз етудің ролі.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды материалды-тұрмыстық қамтамасыз етуді құқықтық реттеу. Тұрғын-жай аумағының нормасы, сотталғандарды тұрғын-жайларға орналастыру тәртібі және оларды жабдықтауға қойылатын талаптар. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері коммуналды-тұрмыстық объектілері және оларды қолдану тәртібі.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын, бас бостандығынан айырылған сотталғандарды тамақтандыруды ұйымдастыруды құқықтық реттеу.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды киім-кешекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды құқықтық реттеу. Әртүрлі санаттағы сотталғандарды киім-кешекпен қамтамасыз ету нормалары.

Сотталған аяғы ауыр әйелдерді, сотталған бала емізетін әйелдерді және де сотталған баласы бар әйелдерді материалды-тұрмыстық қамтамасыз ету ерекшеліктері.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға тағамдар мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатуды және оларға қосымша ақылы қызмет көрсетуді ұйымдастыруды құқықтық реттеу.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды медициналы-санитарлық қамтамасыз етуді құқықтық реттеу. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға емдеу алдын-алу және санитарлық-алдын-алу көмектерін көрсетуді ұйымдастыру және тәртібі. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде санитарлы-гигиеналық режим мен санитарлық қадағалау.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға арнайы емдеу алдын-алу шараларының түрлері мен негізгі қызметі. Сотталғандарды емдеу-алдын-алу мекемелеріне жіберу тәртібі және оларды орналастыру ерекшеліктері мен ұстау жағдайлары.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға қатысты медициналық сипаттағы күштеу шараларын қолдануды құқықтық реттеу және оларды қылмыстық-атқару жүйесінің күштеп емдеуді жүзеге асыратын мекемелерінде ұстау ерекшеліктері.

Тақырып 18. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қадағалауды және оларды күзетуді жүзеге асыруды құқықтық реттеу

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды қадағалау: түсінігі және ұйымдастыру мен жүзеге асыруды құқықтық реттеу. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын тұлғаларды қадағалау тәртібі. Төтенше жағдайлар кезіндегі қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің әрекеттері.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қарау мен тінтуді жүргізуді құқықтық реттеу және тәртібі. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде пайдалануға тыйым салынған заттарды алып қоюдың құқықтық негіздері. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде пайдалануға тыйым салынған заттарды бергені үшін жауапкершіліктің құқықтық табиғаты.

Түзеу мекемелерінде ұсталатын бас бостандығынан айыруға сотталғандарды күзетуді ұйымдастыру мен жүзеге асыруды құқықтық реттеу. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің әртүрлі түрлерін күзетуді жүзеге асыру ерекшеліктері.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде қадағалау, бақылау және күзетудің техникалық құралдарын пайдаланудың құқықтық негіздері және тәртібі.

Тақырып 19. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегін, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды құқықтық реттеу

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарды еңбекке тартудың негізгі мақсаттары және тапсырмалары. Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру қағидалары. Сотталғандарды еңбекке тарту тәртібін құқықтық реттеу және сотталғандардың еңбегін пайдаланудың ұйымдастырушылық нысандары.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың еңбек жағдайын құқықтық реттеу. Сотталғандардың жұмыс уақытының, демалысының ұзақтығы.

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың еңбегіне ақы төлеуді құқықтық реттеу және оның табысынан ұстап қалу.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ақысыз жұмысқа тартуды құқықтық реттеу.

Тақырып 20. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға тәрбиелік әсер етуді және олардың білім алуын құқықтық реттеу

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын сотталғандарға тәрбиелік әсер етуді құқықтық реттеу. Сотталғандармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың негізгі бағыттары: адамгершілік, құқықтық, еңбектік, дене тәрбиесі және оның сотталғандарды түзету мақсатына жетуге әсер ететін өзге түрлері. Тәрбие жұмыстарын дифференциациялау және жекелендіру.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу және психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстарды құқықтық реттеу және ұйымдастыру.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде құрылатын сотталғандардың ерікті ұйымдары: құқықтық табиғаты, құру мақсаты, тапсырмалары, құзыреті.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім алуын құқықтық реттеу және ұйымдастыру.

Тақырып 21. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға марапаттау және жазалау шараларын құқықтық реттеу

Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға қатысты қолданылатын марапаттау шаралары. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға қатысты қолданылатын марапаттау шараларын қолдану тәртібі және оларды қолдануға құқық берілген қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің лауазымдық тұлғалары.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзу және қасақана бұзу түсінігі. Бас бостандығынан айырылуға сотталғандарға қатысты қолданылатын жазалау шараларын қолдану тәртібі және оларды қолдануға құқық берілген қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің лауазымдық тұлғалары.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы, жүйелі түрде және қасақана бұзушы деп тану тәртібі. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қасақана бұзушы деп танудың салдары.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде тәртіптік изоляторлар мен жалғыз адамдық камераларды жабдықтау тәртібі және оларда сотталғандарды ұстау жағдайлары.

Тақырып 22. Әртүрлі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару тәртібі мен жағдайлары

Қылмыстық-атқару жүйесі орташа қауіпсіз мекемесінің бағыты және оларда жаза өтейтін сотталғандардың санаттары. Қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен жағдайларын құқықтық реттеу.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінің бағыты және оларда жаза өтейтін сотталғандардың санаттары. Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен жағдайларын құқықтық реттеу.

Қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемесінің бағыты және оларда жаза өтейтін сотталғандардың санаттары. Қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен жағдайларын құқықтық реттеу. Өмір бойы бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың қылмыстық-атқару жүйесі төтенше қауіпсіз мекемелерінде жаза өтеу ерекшеліктері.

Қылмыстық-атқару жүйесі толық қауіпсіз мекемесінің бағыты және оларда жаза өтейтін сотталғандардың санаттары. Қылмыстық-атқару жүйесінің толық қауіпсіз мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен жағдайларын құқықтық реттеу. Шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін ауыстырылған бас бостандығынан айырылған сотталғандарды толық қауіпсіз мекемелерінде ұстауды құқықтық реттеу. Ауыстырылған мекемелердегі тәртіпті қамтамасыз ету үшін толық қауіпсіз мекемелеріне ауыстырылған бас бостандығынан айырылуға сотталғандардың құқықтық мәртебесі.

Тақырып 23. Сотталғандарды камералық жағдайда ұстау және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу ерекшеліктері

Сотталғандарды камералық жағдайда ұстау мекемесін жабдықтау ерекшеліктері. Сотталғандарды камералық жағдайда ұстау мекемесінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен жағдайлары. Қылмыстық-атқару жүйесінің сотталғандарды камералық жағдайда ұстау мекемесіндегі сотталғандармен тәрбие жұмысы және олардың еңбегін пайдалануды ұйымдастыру.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінің бағыты, олардың түрлері және онда жаза өтейтін сотталғандардың санаттары. Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеуді құқықтық реттеу және жағдайлары.

Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде ұсталатын сотталғандардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері. Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеу тәртібі мен жағдайлары. Қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерінде ұсталатын сотталғандарды еңбекке тарту және оларды қадағалауды ұйымдастыру ерекшеліктері.

Тақырып 24. Сотталған әйелдер мен кәмелетке толмағандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеу ерекшеліктері

Қазіргі Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығының криминологиялық және қылмыстық-атқару аспектілері. Әйелдерге қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқаруды құқықтық реттеу ерекшеліктері. Сотталған әйелдер жаза өтеу үшін арналған қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлері және онда ұсталатын тұлғалар санаттары. Сотталған әйелдерге қатысты түзеу шараларын қолдануды құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Жүкті әйелдерге және кәмелетке толмаған балаларымен бірге қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын сотталған әйелдерге қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуді құқықтық реттеудің ерекшеліктері.

Кәмелетке толмаған сотталғандар түзету әрекетінің арнайы объектісі ретінде және оның құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері. Кәмелетке толмаған сотталғандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеу тәртібі және оны құқықтық реттеу. Кәмелетке толмаған сотталғандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды өтеу жағдайлары және оларды құқықтық реттеу.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты қолданылатын марапаттау шараларын қолдануды құқықтық реттеу ерекшеліктері және оларды қолдану тәртібі. Кәмелетке толмаған сотталғандардың бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтеу тәртібін бұзу және қасақана бұзу түсінігі. Кәмелетке толмаған

сотталғандарға қатысты қолданылатын жазалау шараларының жүйесі және оларды қолдану тәртібі.

Кәмелет жасқа толған сотталғандарды, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде қалдырудың құқықтық негіздері және тәртібі. Кәмелет жасқа толған және кәмелетке толмаған сотталғандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде қалдырылған сотталғандарға қатысты марапаттау және жазалау шараларын қолдануды құқықтық реттеу ерекшеліктері.

